Шартқа
4-қосымша

«KEGOC» АҚ өнім берушілерінің мінез-құлық кодексі

ESG қағидаттарына сәйкес тұрақты даму «KEGOC» АҚ-ның (бұдан әрі – Компания) стратегиялық мақсаты болып табылады. Компания өз өнім берушілерін олардың да өз қызметін заңнаманы сақтау рухында жүргізуіне қолдау көрсетуге тырысады. Компанияның барлық өнім берушілері «KEGOC» АҚ-мен жұмыс істей алу үшін «KEGOC» АҚ өнім берушілерінің осы мінез-құлық кодексін сақтауға міндетті.

1. Жалпы қағидаттар

Компанияның өнім берушілері мыналарды орындайды:

• өз жұмысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермейді;

• Компаниямен жасалған шарттар шеңберінде өз қызметкерлеріне, өкілдеріне және қосалқы мердігерлеріне коммерциялық пара беруге және сыбайлас жемқорлық сипатындағы өзге де әрекеттерді жасауға тыйым салады;

• заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарына жол бермейді;

• балалар еңбегін пайдаланбайды;

• кез келген кемсітушілікке, оның ішінде жұмысқа қабылдау және еңбек қызметі барысында кемсітушілікке жол бермейді;

• қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалысына қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтайды;

• ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтайды;

• еңбек заңнамасын сақтайды.

2. Жұмысқа орналасудың әділ тәжірибесі

2.1. Өнім берушілер барлық жұмысшыларына тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі және жұмысшылардың барлық еңбек құқықтарының орындалуын қамтамасыз етуі керек.

2.2. Негіздемелеріне, оның ішінде жұмысқа орналасуға және еңбек қызметіне қатысты, жыныстық немесе гендерлік тиесілілігіне, ұлтына, азаматтығына, нәсіліне, түсіне немесе этникалық тегіне, дініне, жасына, тіліне, отбасылық, әлеуметтік және ата-аналық мәртебесіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, қоғамдық бірлестіктерге және саяси сарындарға тиесілілігіне, жүктілігіне, мүгедектігіне, сонымен қатар қызметкердің іскери қасиеттеріне және оның еңбек

нәтижелеріне байланысты емес басқа да жағдайларға қарамастан, кез келген кемсітушілікке тыйым салынады.

2.3. Жұмысқа қабылдау үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген ең кіші жасқа толмаған адамдарды жұмысқа қабылдауға тыйым салынады. Компания өнім берушілері қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбек шартын жасасуға рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, балалардың немесе кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдаланбауы тиіс.

2.4. Компанияның өнім берушілерінің барлық қызметкерлерімен өздеріне түсінікті тілде еңбек шарты немесе қызметтер көрсету шарты жасалып, оған қол қойылуға тиіс.

Еңбек шарты жұмыс уақытының ұзақтығын, қосымша жұмыс уақытындағы жұмыс үшін өтемақыны, хабарлама мерзімін, жалақы мөлшерін және төлем жиілігін, сонымен қатар қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да талаптарды қоса алғанда, барлық негізгі талаптарды белгілеуі тиіс.

2.5. Компанияның өнім берушілері қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалысына және жұмыс берушінің басқа да міндеттеріне қатысты ережелерді сақтайды.

2.6. Компанияның өнім берушілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтайды. Қосымша жұмыс уақытында жұмыс істеу, демалыс және мереке күндері немесе түнгі уақытта жұмыс істеу шарттарға, еңбек немесе ұжымдық шарттарға және (немесе) жұмыс берушінің актісіне сәйкес жоғары мөлшерде төленеді.

2.7. Компанияның өнім берушілері қызметкерлерге қызметкерлердің ана тілінде немесе өздері түсінетін тілде жазылған құқықтары мен міндеттерін білуге және толық түсінуге мүмкіндік береді.

2.8. Заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарына тыйым салынады. Қызметкерлерді кепілге ақша қаражатын немесе жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын немесе олардың баламаларын қалдыруға міндеттеуге тыйым салынады.

Жұмыскерлер еркін жүріп-тұруға және ерекше жағдайларда және дәлелді себептермен жұмыс уақытында басшының келісімі бойынша еңбек шартында белгіленген жұмыс орнынан кетуге құқылы.

Ешкім физикалық жазалануға, заңсыз ұсталуға, физикалық, жыныстық және/ немесе психологиялық қудалауға ұшырамауы тиіс.

2.9. Жалақыдан ұстап қалу тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленеді.

2.10. Компанияның өнім берушілері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкерлердің бірлесу бостандығы және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын құрметтейді.

3. Этикалық қағидаттар

3.1. Компанияның өнім берушілері Қазақстан Республикасы заңнамасының олардың қызметіне қатысты барлық талаптарын қатаң сақтайды, оның ішінде:

1) бәсекелестік: бәсекелестікті тең талаптармен жүзеге асыруға қатысты барлық қолданыстағы нормативтік актілерді сақтау;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты барлық қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді сақтау. Компанияның өнім берушілері өз атынан немесе Компания атынан тікелей немесе жанама түрде Компания қызметкерлеріне және үшінші тұлғаларға бизнесті алу немесе сақтау немесе қаражат немесе жеңілдіктер алу үшін қандай да бір материалдық немесе басқа ынталандыруды ұсынбайды;

3) заңсыз алынған кірістерді заңдастыру: заңсыз алынған кірістерді заңдастыруға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау. Компанияның өнім берушілері ақшаны жылыстату практикасына қатыспауы немесе қолдау көрсетпеуі керек;

4) мүдделер қайшылығы: Компания қызметкерлеріне немесе олардың туыстарына қатысты олардың іскерлік қызметіне немесе қабылданатын шешімдеріне теріс әсер етуі мүмкін нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы туындайтын жағдайларды анықтау және олардың алдын алу;

5) сыйлықтар мен ризашылық белгілері: Компания қызметкерлеріне сыйлықтар мен алғыс белгілерін ұсынудан бас тарту. Компания негізді символдық құннан асатын барлық сыйлықтар мен ризашылық белгілерін, сондай-ақ күтпеген жерден ұсынылған, ерекше көзге түсетін немесе дәл сондай сыйлықпен не ризашылық белгісімен жауап қайтару мүмкін болмайтын сыйлықтар мен ризашылық белгілерін қабылдамайды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша талаптар

4.1. Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау, парақорлық, формальдылықты жеңілдету үшін сыйақы, алаяқтық, ақшаны жылыстату және Компанияның өнім берушісі қызметіндегі непотизмге қатаң тыйым салынады.

4.2. Компанияның өнім берушілері Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған «KEGOC» АҚ-дағы парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысуға міндетті.

4.3. Компанияның өнім берушілері өз қызметкерлеріне мәмілеге ықпал ету немесе жеке не іскерлік артықшылықтар алу мақсатында қолайлы қатынасқа айырбас ретінде төлемдерді, сыйлықтарды немесе артықшылықтарды тікелей не жанама түрде ұсынуға, сұратуға, беруге немесе қабылдауға тыйым салады. Бұл талап Компанияның өнім берушілерінің және оларды бірлесіп орындаушылардың отбасы мүшелеріне де, персоналына да қолданылады.

4.4. Компанияның өнім берушілері әділ бәсекелестік және еркін нарық қағидаттарын сақтауы тиіс. Бизнес-шешімдер жеке қатынастар мен мүдделерді ескере отырып немесе олардың ықпалымен қабылданбауға тиіс.

Компанияның Өнім берушілері мойындалған халықаралық стандарттарға негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бағдарламаны енгізуге тиіс. Тиісті практикалық және ақпараттық дайындықты қамтитын бағдарлама ашық және тиімді болуы тиіс.

4.5 Компанияның өнім берушілері өз қызметкерлері мен Компания қызметкерлерінің немесе олардың туыстарының арасында туындауы мүмкін, олардың іскерлік беделіне немесе қабылдайтын шешімдеріне теріс әсер етуі ықтимал нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысын анықтау және оның алдын алу үшін барлық күш-жігерін салады.

Сыйлық дегеніміз-қызметкердің кез-келген үшінші тұлғадан алатын немесе Компания қызметкерінің үшінші тұлғаға Компания қызметкерлерінің еңбек міндеттерін орындау барысында немесе Компания мен үшінші тұлға арасындағы іскерлік қатынастарға байланысты өтеусіз негізде Компания атынан беретін кез-келген құндылығы, пайдасы немесе артықшылығы.

5. Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

5.1. Компанияның өнім берушілері өз қызметінің өз қызметкерлерінің, мердігерлердің, өз өнімдерін тұтынушылардың және басқа да тұлғалардың, сондай-ақ шарт бойынша жұмыстар орындалатын Компанияның аумағы мен үй-жайларындағы қызметкерлерінің денсаулығы үшін қауіпсіз екендігіне кепілдік береді.

5.2. Компанияның өнім берушілері қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі тиіс, қызметкерлер денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен таныстырылуы және тиісті даярлықтан, оның ішінде өрт қауіпсіздігі, химиялық заттар мен жабдықтарды дұрыс ұстау, төтенше жағдайларға әзірлік және алғашқы көмек көрсету жөніндегі даярлықтан өтуі тиіс.

5.3. Компанияның өнім берушілері қызметкерлерінің жарақаттануына, кәсіптік аурулардың туындауына немесе авариялларға әкелуі мүмкін ықтимал тәуекелдер тиісті алдын алу шараларын (мысалы, жобалау, инженерлік-техникалық шаралар, әкімшілік бақылау, профилактикалық қызмет көрсету, қауіпсіз еңбек рәсімдері, қауіпсіздік бойынша тұрақты оқыту, сондай-ақ жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету) қолдану арқылы бағалануға және бақылауға алынуға тиіс.

5.4. Компанияның өнім берушілері қауіпті жұмыс түрлеріне тән тәуекелдерді барынша азайту мақсатында жазатайым оқиғалардың, жарақаттар мен әлеуметтік-психологиялық аурулардың алдын алу, сондай-ақ олардың салдары мен келтірілген зиянды азайту жөнінде барабар шаралар қабылдауға міндетті. Компанияның өнім берушілері өз қызметкерлеріне қосымша ақысыз тиісті жеке қорғаныс құралдарын ұсынуы керек. Дене жарақаттарына әкеп

соққан кез келген оқиға немесе жазатайым оқиға, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық аурулар құжатпен ресімделіп, Компанияның өнім берушілерінің жоғары басшылығының назарына жеткізілуі тиіс.

5.5. «KEGOC» АҚ Компаниядағы өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды үздіксіз жақсарту, өз қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізеді және өзінің іскер серіктестерінің осындай жұмысын жүргізуге міндеттейді. Өндірістік алаңдарда жұмыстарды орындау кезінде Компания өнім берушілері еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жоғары стандарттарды сақтайды, авариялық жағдайдың туындағаны туралы дереу хабарлауға жауапты болады.

6. Қоршаған орта

6.1. Компанияның өнім берушілері қоршаған ортаны сақтауға және олардың табиғи ресурстарға теріс әсерін барынша азайтуға ықпал ететін іс-шараларды енгізуі және/немесе орындауы тиіс.

6.2. Компанияның өнім берушілері шартты орындау кезінде түзілетін зиянды заттардың көлемін шектейді, сондай-ақ қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес түзілетін қалдықтарды тиісінше басқаруды қамтамасыз етеді және қоршаған ортаға елеулі зиян келтіруге жол бермейді.

6.3. Компанияның өнім берушілері улы заттарды пайдаланудың алдын алу шараларын қабылдауы керек. Балама болмаған жағдайда, Компанияның өнім берушілері улы заттарды қолдануды минимумға дейін азайтып, қауіпсіз өңдеуді және олардың жойылуын қамтамасыз етуі керек. Басқа зиянды заттарға, элементтерге немесе шектеулі пайдалану қалдықтарына қатысты Компанияның өнім берушілері қолданылатын барлық құқықтық нормаларды қатаң сақтауы керек.

6.4. Компанияның өнім берушілері ластаушы заттар мен парниктік газдар шығарындыларын қысқартуды, энергия тиімділігін арттыруды, қалдықтардың пайда болуын қысқартуды және олармен тиісті жұмыс істеуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, ластануды болдырмауға және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған технологиялар мен шешімдерді қолдану жөнінде шаралар қабылдайды. Тауарларды, материалдар мен қалдықтарды сақтау, тиеу, қайта тиеу және тасымалдау кезінде Компанияның Өнім берушілері қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайту жөнінде шаралар қабылдайды.

6.5. Компанияның өнім берушілері энергияны, суды, шикізатты және басқа да табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану жөнінде шаралар қабылдайды.

6.6. Компанияның өнім берушілері табиғатқа ұқыпты қарауы, биологиялық әртүрлілікті, табиғи мекендейтін жерлерді, ормандар мен жерді сақтауы тиіс. Ормандардың кесілуінен, жер мен топырақтың ластануынан және жай-күйінің нашарлауынан аулақ болу қажет. Егер табиғатқа әсер етуді болдырмау мүмкін болмаса, оны барынша азайтып, бүлінген учаскелерді қалпына келтіру керек.

6.7. Компанияның өнім берушілері өз тауарларын пайдалану сапасын қолдау және/немесе жақсарту кезінде тауарлардың жалпы қызмет ету мерзімі кезінде қоршаған ортаға, еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына теріс әсерді жою немесе азайту мақсатында өз тауарлары мен қызметтерін дамытуға қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі өлшемдерді қамтиды.

6.8. Өнім беруші өз тауарларының осындай тауарларға қолданылатын стандарттар мен нормаларға сәйкес келетінін растауға тиіс.

7. Құпиялылық және деректер қауіпсіздігі

7.1. Компанияның өнім берушілері Компания туралы, оның серіктестері, іскерлік іс-шаралар, шарттар, жобалар, құрылым, қаржылық жағдай немесе қызмет туралы кез келген ақпараттың құпиялылығын, егер олар оны жариялауға арнайы жазбаша рұқсат алмаса, сақтауы тиіс.

7.2. Компанияның өнім берушілері клиенттік деректердің сақталуына және қауіпсіздігіне кепілдік беретін жүйелерді пайдалануы, құпия деректердің сыртқа шығуына жол бермеуі тиіс.

Осы Кодекстің талаптары Компанияның өнім берушілермен жасасатын шарттардың ажырамас бөлігін құрайды.

Өнім берушілер барлық тиісті құжаттаманың есебін жүргізуге және осы Кодекс талаптарының сақталуын қамтамасыз ету әрі растау мақсатында Компанияның сұрау салуы бойынша растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Компанияның өнім берушілері осы құжатпен өз қызметкерлерін осы Кодекспен таныстыру міндеттемесін қабылдайды.

Мен, _____, Компанияның өнім берушісінің уәкілетті
(өнім беруші өкілінің аты-жөні)
өкілі ретінде, осы құжаттың мазмұнымен танысқанымды және оны түсінгенімді растаймын, сондай-ақ _____ атынан _____ осы Кодекстің
(өнім берушінің атауы) (өнім берушінің атауы)
талаптарын сақтауға міндеттенетінін растаймын.

_____
(қолы, күні).